

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы (балабақша / шағын орталық, мектепалды сыныбы) _____

Топ: мектепалды

Балалардың жасы: 5 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: 30.10 - 03.11.2023ж.

Педагогтың аты-жөні _____

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (қарым-қатынас іс-әрекеті)				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Күз мезгілінде болатын мерекелер туралы ақпарат беру; ата-аналарды мазалап жүрген сұрақтарға жауап беру.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және	"Бөлме өсімдіктеріне күтім жасау". Мақсат-міндеттері. Өсімдіктерді таза ұстау әдістері туралы бұрын алған білімдерін нақтылау;	"Бөлме өсімдіктеріне бүріккіш пистолеттен су бүрку". Мақсат-міндеттері. Жаңа еңбек дағдыларын үйрету;	"Асхана бойынша кезекшілік". Мақсат-міндеттері. Балаларға кезекші міндеттерін өз бетінше және адал орындауды үйрету. Қолды мұқият жуу,	"Шешіну бөлмесінің шкафындағы тәртіп". (тәрбиешінің көмекшісімен бірге) Мақсат-міндеттері. Балаларға жеке киім	"Кір сүлгілерді ауыстыру". Мақсат-міндеттері. Еңбекке тұрақты қызығушылықты сақтау, тапсырманы мұқият орындауға ұмтылу. Сүлгіні жеке

басқалар)	өсімдіктердің сыртқы түріне, құрылымына назар аудару, өсімдіктен шаңды кетіру әдісін таңдауды үйрету. (еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)	балалардың ұғымында жапырақтарға ылғалдың қажеттілігі туралы түсінігін бекіту; өсімдіктерге ұқыпты қарауға тәрбиелеу. Оларды суару қажеттілігін өз бетінше анықтауды үйрету (топырақтың түсі мен күйіне, өсімдіктің пайда болуына байланысты), суару техникасын еске түсіру. (еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)	кезекшінің киімін кию, үстелді дұрыс қою, тамақтанғаннан кейін ыдыстарды тазалау. Еңбек дағдыларын дамыту, үстелді жабдығының ретсіздіген көру. Ортақ игілік үшін ниеттеніп еңбектенуге тәрбиелеу. (еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)	шкафтарында тәртіп сақтауды үйрету: шкафты киім мен аяқкиімнен босату, сөрелерді дымқыл шүберекпен сүрту және киімді орнына мұқият бүктеп жинау. Еңбекке баулу, тәртіпті байқауды, ұжымда бірге еңбек етуді үйрету. (еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)	ұяшыққа іліп қоюды үйрену. Еңбектенуге, ересектерге көмектесуге тәрбиелеу. (еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)
	ҚР. Гимнін орындайды. Міндеттер. Балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастырады. (музыка)	Саусақ жаттығуы. М. Әлімбаев "Он саусақ". Жалғыз саусақ тіпті де, Ұстай алмас жіпті де. Екі саусақ бірікті	«Суреттер құрастыру». Мақсат-міндеттері. Балаларға ұсақ суреттерден бір мазмұнды сурет құрастыруды, әңгіме	Үстел үсті ойыны. «Төртінші не артық?» Балаларға 4 сурет беріледі, бала олардың ішіндегі артық суреттің	Еркін ойындар Мақсат-міндеттері. Балаларды ересек адамның көмегімен ойын үшін ыңғайлы орынды таңдау, ойын ортасын

	Үстел үсті ойыны «Бауда, әлде бақшада?» Мақсат-міндеттері. Балаларға көгөністер мен жемістердің қайда өсетінін атап айтқызу, ажыратуды үйрету. (қазақ тілі, қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті) "Домино" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Баланың топтамалар жайлы білімдерін дамыту және пысықтау; сәйкес заттың бейнесін дұрыс табуды және атауды, оның атқаратын қызметі жайында сөйлемдер	Ине қолға ілікті. Үш саусағым орамды Жүгіртеді қаламды ... Өнерлі екен он саусақ! Қала салсақ, жол салсақ ... (қарым-қатынас іс-әрекеті)	құрастыруды үйрету, тіл байлығын, ой-өрісін дамыту, әртүрлі мазмұнды суреттер құрастыруға балалардың қызығушылығын арттыру. (танымдық іс-әрекеті, қарым-қатынас әрекеті)	атауын атайды. Мысалы: етік, күртеше, малақай, гитара. (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, қазақ тілі)	ұйымдастыру қабілетін қалыптастыру. (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, қазақ тілі)
--	---	---	---	---	---

	кұрастыруға дағдыландыру; қабылдау, зейін, ойлау қабілеттері, қолдың ұсақ моторикасын жетілдіру. Ойын шарты. Суреттері сәйкес келетін карточкалардың біріне қатарлап тізіп қою, кім бұрын барлық карточкаларын қояды, сол жеңіп шығады. Қажетті құралдар: бірдей қос суреттер, әртүрлі объектілердің бейнеленген көлемдері 5×6 см карточкалар. (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)				
Ертеңгілік жаттығу	1. "Қанат қағып қарлығаштай" жаттығуы.				

	Бастапқы қалып: аяқты сәл алшақ қойып, қолдарын төмен түсіріп тұрады. 1 - "Қолымызды созайық". Қолды алдыға созып айқастыру. 2 - "Қанатымызбен серпін алайық". Қолды артына созып айқастыру. 3 - "Биікке қанат қағайық" деп жоғары көтеріп айқастыру. 4 - "Ақырын жерге қонайық" деп алдыға еңкейіп, қолдың білезігін сілкілеу (3 рет). 2. "Сағат тіліндей қозғалайық". Бастапқы қалып: аяқты сәл алшақ қойып, қолдарын төмен түсіріп тұрады. "Қозғалып сағат тіліндей". Төмен қарай еңкею. "Қанат қағайық оң жаққа" сөзімен денені оң жаққа, "Қанат қағайық сол жаққа" сөздерімен сол жаққа, содан кейін "Қанат қағайық тоқтамай" деп денені кезек-кезек үздіксіз қозғау. Әр жаққа 2 реттен қозғап, жаттығуды орындау. 3. "Билетейік аяқты" жаттығуы. Бастапқы қалып: аяқты сәл алшақ қойып, қолдарын төмен түсіріп тұрады. "Билетейік аяқты" сөзімен екі аяқты кезек алға қою. Әр жаққа жаттығуды 2 рет орындау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)
Таңғы ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттері. Балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениеті бойынша баламен жеке жұмыс; этикет ережесі. Көркемсөз Тағы міне, таң атты, Дайын дәмді тағамдар. Үлпілдеген тиінге, Жарып берем жаңғақты. Қою сүтті беремін, Мысық пен күшікке.

	Түлкіге қою айран, Тышқанға дән саламын. Ақ қоянға тәтті нан, Тосап беремін араға. Таңғы ботқа береміз, Бақшадағы балаға. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балаларға эмоционалды жағымды көңіл күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Кел, балалар, күлейік, Күлкіменен түлейік! Қабақ түйген не керек, Көңілді боп жүрейік!	"Бұл қандай құс?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларды құстарға тән белгілер бойынша сипаттауды және оларды сипаттама арқылы тануды үйрету. Барысы. Жүргізуші құстардың әдеттерін бейнелейді және олардың белгілерін сипаттайды, балалар жүргізушінің жасырып отырған құсын табады. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық	"Мысық пен тышқан". Тышқан қашты мысықтан, (еденде саусақтарымен қашуды көрсетеді) Қатты, қатты жүгірді. (жылдам жүгіреді) Орын тапты қуыстан, (екі қолының саусақтарын айқастырады) Зәресін мысық ұшырды. Қарады мысық тесіктен, (жан-жаққа қарайды) Тышқанға "Бері шық," - деді. (қабағын түйеді)	«Жұбын тап». Мақсат-міндеттері. Балалардың ақыл-ойын, тілін дамыту, зейінді болуға тәрбиелеу. Ойын атрибуттары. Жемістер мен көгөністерге байланысты текшелер. Ойынның барысы. Ойынға 3-4 бала қатысуға болады. Балалар суреті бар текшелерді (доминоны) бөліп алады да, ойынды бастайды. Аты аталған бала бірінші	Үстел ойыны. «Сурет бойынша жинастыр». Мақсат-міндеттері. Танымдық қабілеттерін дамыту. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)

	Кел, балалар, күлейік! Күлкіменен түлейік! Күлкі көңіл ашады, Күліп өмір сүрейік! (қарым-қатынас іс- әрекеті)	іс-әрекет, зерттеу іс- әрекеті)	Еденді ұрды «Тук- тук» деп, (еденді жұдырығымен тоқылдатады) Тырналады, кетпеді. (еденді тырналайды) Былай-былай тартады. (жұдырықты ашады) Бұза алмады қамалды. Амалы құрып мысықтың, Үйіне қарай қайтады. Қуанып тышқан есікті, (жұдырығына қарап үрлейді) Жәй ғана кеп үрледі. «Алақай, есік ашылды!», - деп, (құшақтарын айқара ашады) Ініне қашып үлгерді. (қайта жүгіреді) (қарым-қатынас іс- әрекеті, дене шынықтыру)	болып текшені қояды, қалған балалар қойылған суретке байланысты өздерінде бар текшелерді ретімен қояды. Кімнің қолындағы текше бұрын бітсе, сол жеңеді. (танымдық іс- әрекет, зерттеу іс- әрекеті, қарым- қатынас іс-әрекеті)	
--	---	---	--	---	--

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Сауат ашу негіздері "[ш] дыбысы және Ш ш әрпі". Мақсат-міндеттері: [ш] дыбысы және Ш ш әрпімен таныстыру. Қазақ тілі Үй жануарлары және төлдері. "Жеті лақ" ертегісін әңгімелеу. Мақсат-міндеттері. Балалардың ұғымындағы үй жануарлары туралы білімдерін кеңейту, «Қасқыр мен жеті лақ» ертегісінің мазмұнымен таныстыру; үй жануарларының төлдерінің атауларын бекіту; үй жануарларының дыбыс шығару және қозғалу ерекшеліктерін еске	Сауат ашу негіздері "[ш] дыбысы және Ш ш әрпін қайталау". Мақсат-міндеттері: [ш] дыбысы мен әрпін таныту, сөз ішіндегі [ш] дыбысының ерекшелігін меңгерту, [ш] дыбысы арқылы берілген сөздерді оқыту, жаздыру. Математика негіздері "Суретші нені бейнеледі?" Мақсат-міндеттері. Балаларда "бүрсігүні", "ертең", "бүгін", "кеше", "алдыңғы күні" сияқты уақыт бөлігі жайлы ұғымдарын қалыптастыру. Музыка	Математика негіздері "Суретші нені бейнеледі?" (пысықтау) Мақсат-міндеттері. Балалардың халық әнін тыңдауға ықыласын арттыру; әннің сыр-сипатын түсінуді, эмоцияларымен көрсете білуге дағдыландыру; әуеннің ауыспалы сипатын беруге және табиғат құбылысын музыкамен байланыстыруды үйретуді пысықтау. Қазақ тілі К-Г дыбыстары (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әріптері (атау, жазу негіздері).	Математика негіздері "Көліктер қай жақтарға бағыттайды?" Мақсат-міндеттері. Балалардың "алты" саны туралы ұғымдарын қалыптастыру, оны тану, атай білу іскерлігін жетілдіру; "алты" жиын санын құрайтын екі ең кіші элемент түрлері жайлы түсінігін дамыту; саны алтыға тең заттарды салыстырғанда беттестіру және тұстастыру амалдарын қолдануды жаттықтыру. Сөйлеуді дамыту "Күз көрінісі" (пысықтау)	Сауат ашу негіздері "[с] дыбысы және С с әрпі". Мақсат-міндеттері. Өткен дыбыстарды қайтау, еске сақтау қабілетін арттыру. Жаңа [С] дыбысымен таныстыру, сөз, сөйлем құруды үйрету. Мүсіндеу "Күзгі саябақ". Мақсат-міндеттері. Балалардың күз туралы білімдерін аша отырып, күзгі бақтың әсемдігін, көріктілігін түсіндіру. Дене шынықтыру "Ішпен еңбектеу". Мақсат-міндеттері. Балаларды 50 см биікке қатарлата орналастырылған
---	---	--	---	---	---

	түсіру; үй жануарларының пайдасы туралы түсініктерін дамыту; көрнекі сызбаларды қолданбай ертегінің мазмұны бойынша диалог құрауды, мұқият болуды, қарапайым сөйлемдер құруды үйрету; ертегілердегі жануарлардың мінез-құлқын адамдардың мінез-құлқымен салыстыруды, қарапайым қорытынды жасауға дағдыландыру; балаларды үй жануарларына қамқор болуға, ертегілерге сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Дене шынықтыру "Бірнеше қатарға	"Өн салайық". Мақсат-міндеттері. Балалардың халық әнін тыңдауға ықыласын арттыру; әннің сыр-сипатын түсіну және эмоциямен көрсетуге дағдыландыру; әуеннің ауыспалы сипатын беруге және табиғат құбылысын музыкамен байланыстыруды үйрету. Сөйлеуді дамыту "Күз көрінісі". Мақсат-міндеттері. Өлеңді оқып беру, өлең мазмұны бойынша сұрақтар қою; зейінін дамыту, сөздік қорларын кеңейту, сөйлеу мәдениетін дамыту.	Мақсат-міндеттері. Балаларға [-к], [-г] дыбыстары және К к, Г г әріптерімен таныстыру; [-к], [-г] әрпін ауада жазып көрсету; [-к], [-г] дыбыстарының нақты артикуляциялық қалпын қалыптастыру, дыбысты есту арқылы ажыратуды үйрету, буындарда, сөздерде дұрыс айтуға дағдыландыру; [-к], [-г] дыбыстарын сөздің кез келген жерінен (сөздің басында, ортасында, аяғында) тауып көрсетуді үйрету; [-к], [-г] дыбыстары кездесетін сөзге мысал келтіріп, сол сөздерді	Мақсат-міндеттері. Өлеңді оқып беру, өлең мазмұны бойынша сұрақтар қою; зейінін дамыту, сөздік қорларын кеңейту, сөйлеу мәдениетін дамытуды пысықтау. Музыка "Ұшағым". Мақсат-міндеттері. Балалардың көңілді әнге ықыласын ояту; әннің сөздік мазмұнын түсіне білуге және музыка әуенімен бірге би қимылдарын үйлесімді орындауды үйрету. Қоршаған ортамен танысу "Адамның қысқа дайындығы". Мақсат-міндеттері.	таяқтардың астынан ішпен еңбектеп өтуді үйрету. Көркем әдебиет «Үш дос» қазақ халық ертегісінің қойылымын (пысықтау). Мақсат-міндеттері. Қазақтың халқының ауыз әдебиетіндегі тұрмыстық ертегілермен таныстыруды жалғастыру. Өзінің қимылын серіктестің қимылымен байланыстыруды үйретуді пысықтау.
--	---	---	--	--	--

	тізілу". Мақсат-міндеттері. Балаларды көлбеу басқышпен өрмелеуді, гимнастикалық қабырғаға өтуді, сатыдан ұстап қайта түсуді үйрету. Қоршаған ортамен таныстыру "Сиқырлы магнит елінде" Мақсат-міндеттер. Балалардың қыс мезгілі туралы түсінігін кеңейту, қыс мезгіліне тән белгілерді білу және таба алуға үйрету; қыс мезгілінің сұлулығын тамашалай білуге, табиғаттың ерекшелігін сезіне білуге үйрету; қоршаған ортамен		қатыстырып, сөйлем құрастыру арқылы, сөздік қорларын толықтыру. Ойын тиянақты жеткізе білуге баулу, байланыстыра сөйлеуге тәрбиелеу. Төзімділікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу; әдемі, таза жазуға дағдыландыру. Дене шынықтыру "Бірнеше қатарда эстафета ойындары". Мақсат-міндеттері. Балаларға заттардың арасымен жүру; биіктіктен секіруді үйрету. Көркем әдебиет «Үш дос» қазақ халық ертегісінің қойылымы". Мақсат-міндеттері.	Балалардың күз мезгілінде еңбектің жемісін көретіні туралы түсініктерді тиянақтау; "суармалау" ұғымын қалыптастыру; бақшада және егінде өсірілген өнімдердің астығы базарға шығарылып, көпшіліктің қажет өтейтін ойындар арқылы көрсету.	
--	--	--	--	---	--

	танысу арқылы баланың ой - өрісін дамыту; табиғатты қорғап, аялауға және әсемдігін бағалай білуге тәрбиелеу.		Халық ауыз әдебиетінің тұрмыстық ертегілермен таныстыруды жалғастыру. Өзінің қимылын серіктестің қимылымен байланыстыруды үйрету.		
2- таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтау, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркемсөзді қайталау)				
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бөтенкесін реттілікпен киюін қадағалау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес іс-әрекет)				
Серуен	Торғайдың күз мезгіліндегі тіршілігін бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Торғай туралы білімдерін бекітуді жалғастыру; күздің	Көгершіндерді бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Құстар әлемі туралы білімдерін бекітуді жалғастыру; құстардың немен	Теректі бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Күзгі терек туралы түсінік қалыптастыру. Зерттеу. Жаңа түскен жапырақты	Маусымдық өзгерістерді бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Табиғат құбылыстары туралы түсініктер	Жаяу жүргіншілерді бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Жолдың жаяу жүргіншілерге арналған бөлігі, жол ережелері туралы

келуімен құстардың мінез-құлқындағы өзгерістерді көруді үйрету; зейін мен жадын белсендіру. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: ағаштарды емдеу үшін жұмыс күшін ұйымдастыру. Мақсат-міндеттері. Ағаштар мен бұталарға дұрыс көмек көрсетуді үйрету; адал еңбектенуге тәрбиелеу. Қимыл-қозғалыс ойындары. (дене шынықтыру) "Құстар". Мақсат-міндеттері. Белгі бойынша әрекеттерді орындауды үйрету. Өзіндік еркін ойын	қоректенетінін және олардың қай жерде тұратынын, адамның оларға қалай қамқор болатынын, жабайы көгершіндердің «Қызыл кітапқа» не үшін енгізілгенін нақтылау. Зерттеу. Көгершін мен тоқылдақты салыстыру. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: балабақша аумағында жемшашарларды ілу. Мақсат-міндеттері. Еңбек әрекеттерін орындауды үйрету. Қимыл-қозғалыс ойындары. (дене шынықтыру) "Ұшу, секіру, жүзу". Мақсат-міндеттері. Балаларды жүгіруге	лупамен қарау. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: жапырақтарды үйінділерге жинау және ауланы тазарту. Мақсат-міндеттері. Топпен жұмыс істеуге ұмтылуға тәрбиелеу. Қимыл-қозғалыс ойындары. (дене шынықтыру) "Бағбандар", "От жағушылар". Мақсат-міндеттері. Педагогтің белгісі бойынша жүгіру іскерліктерін жетілдіру. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар: бір аяқпен секіру. (дене	қалыптастыру; күн туралы білімдерін бекіту. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: ауланы қоқыстардан тазарту. Мақсат-міндеттері. Орындалған жұмысқа сүйсінуді, қуануды үйрету. Қимыл-қозғалыс ойындары. (дене шынықтыру) "Үйсіз қоян". Мақсат-міндеттері. Бір-біріне соқтығыспай жүгіру жаттығулары, ептілікке және төзімділікке тәрбиелеу. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен	білімдерін бекіту. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: гербарий жасау үшін әдемі жапырақтарды жинау; ағаштардың түбіне түскен жапырақтарды тырнауышпен тырналау. Мақсат-міндеттері. Табиғатты құрметтеу сезімін тәрбиелеу. Қимыл-қозғалыс ойындары. (дене шынықтыру) "Бағдаршам". Мақсат-міндеттері. Ептілікті дамыту; бағдаршамның мағынасы туралы білімдерін бекіту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен
--	---	--	---	---

	әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар. "Жалауша". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Заттарды құлатпай жылан сияқты жүруді үйрету.	жаттықтыру; балықтар, құстар, жануарлардың аттарын бекіту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар: "Кеглиді құлат" (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Допты нысанаға лақтыруды үйрету; дәлдікті, зейінді дамыту.	шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Күшпен итеріліп секіріп, жерге аяқпен нық түсуді жетілдіру.	ойындар: тепе-теңдікті дамытуға арналған жаттығулар. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Дене қимылдарын жетілдіру.	ойындар: қозғалыстарды дамыту. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Заттарды қашықтыққа лақтыру дағдыларын бекіту.
Серуеннен оралу	Серуеннен оралу кезіндегі ескертулер: - учаскеден шығар алдында аяқкиім мен үсті-басын қағу; - балабақшаға кірер алдында аяқкиімнің табанын тазалау; - ғимаратқа тыныш кіру, есікті тарсылдатпау; - серуенге шығарылған жабдықтар мен ойыншықтарды белгілі жерге тізіп қою; Балалардың киімдерін ретпен шешу, шкаф сөрелеріне ұқыпты орналастыру дағдыларын жетілдіру. Женді түру, қолды сабындау, суды шашыратпау, тазарғанша жуу дағдысын дамыту. Айнаға қарану, үсті-басын ретке келтіру, шашын тарау, ас ішуге дайындалуға тәрбиелеу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Түскі ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттері. Балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениеті бойынша баламен жеке жұмыс;				

	этикет ережесі. Көркемсөз Тағы міне, таң атты, Дайын дәмді тағамдар. Үлпілдеген тиінге, Жарып берем жаңғақты. Қою сүтті беремін, Мысық пен күшікке. Түлкіге қою айран, Тышқанға дән саламын. Ақ қоянға тәтті нан, Тосап беремін араға. Таңғы ботқа береміз, Бақшадағы балаға. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз)
Түскі ұйқы	Балалардың ұйқысына қолайлы жағдай жасау.
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	"Мейірімді мысық" (белді бүгіу, басты жоғары көтеру). Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)
Бесін ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттері. Балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениеті бойынша баламен жеке жұмыс; этикет ережесі. Көркемсөз Тағы міне, таң атты, Дайын дәмді тағамдар. Үлпілдеген тиінге,

	Жарып берем жаңғақты. Қою сүтті беремін, Мысық пен күшікке. Түлкіге қою айран, Тышқанға дән саламын. Ақ қоянға тәтті нан, Тосап беремін араға. Таңғы ботқа береміз, Бақшадағы балаға. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз)				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Дидактикалық ойын. "Не артық?" Мақсат-міндеттері. Балалардың жемістер мен көгөністер туралы білімдерін пысықтау; жемістер мен көгөністерді сақтау ережелерін игерту; ойлау, елестету, зейін қабілеттерін дамыту; достық қарым-қатынас құруға ынталандыру. Шарты. Жүргізуші	Дидактикалық ойын. "Сабағы мен тамыры". Мақсат-міндеттері. Балалардың ұғымында көгөністердің өсуі, пісуі, өнуі туралы білімдерін нақтылау; достық қарым-қатынас құру іскерлігін, зейін мен еске сақтау қабілетін дамыту; зияткерлікті дамыту, достыққа тәрбиелеу.	Дамытушы жаттығу. "Қанша және қандай айырмашылықтары бар?" Мақсат-міндеттері. Балалардың қабылдау, зейін, ойлау қабілеттерін дамыту; зеректікке, байқағыштыққа тәрбиелеу. Құралдар. Суреттер жұптары (екінші суретте бірінші суретке қарағанда, бірден	Дидактикалық ойын. "Сөздер тізбегі". Мақсат-міндеттері. Балалардың сөздік қорын байыту, ой шапшаңдығын, зейінін дамыту; өзара жағымды қатынастарды нығайту. Шарты. Педагог балаларға қандай сала туралы сөздерді құрастыратындарын айтады. Осы	Логикалық ойын. "Бұл бұрын не болған?" Мақсат-міндеттері. Балалардың қоршаған заттар мен құбылыстар жайында, адамның тұрмыс-тіршілігі, жануарлардың тіршілігі жайындағы білімдерін тиянақтау; логикалық ойлау, еске сақтау, елестету қабілеттерін дамыту; тапқырлыққа, ұғымталдыққа

бір топтамаға қатысты және оған жатпайтын заттарды атайды (көрсетеді), ойыншылар артық затты атау керек. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Сюжетті-рөлдік ойын. "Жемістер мен көгөністер" дүкені. Мақсат-міндеттері. Балалардың "Жемістер мен көгөністер" дүкені жөніндегі ұғымдарын тиянақтау; сатушы мен сатып алушы рөлдеріндегі әрекеттерді игерту; достық қарым-қатынасқа, қоғамдық тәртіп ережелеріне тәрбиелеу.	Құралдар. Көгөністердің үлестірмелі сурет-карточкалары. Шарты. Балалар қолдарына түскен көгөністердің суреттеріне қарап, олардың топырақ үстінде, әлде топырақ астында өсіп-өнетіні туралы айтулары керек. Балалар өз жауаптарын құрастырып, көгөністерді екі топтамаға жинайды: сабағында және тамыр арқылы пісетін көгөністер. Балалар екі топтаманы жинауы мүмкін. Топырақ астында пісетін көгөністерді атайды: сәбіз, шалқан, қызылша, картоп,	байқалмайтын бірнеше өзгерістер болады). Шарты. Педагог балаларға бірінші суретті көрсетіп, содан кейін оған ұқсас екінші суретте көруді ұсынады. Балалар екінші суретте біріншіге қарағанда не өзгергенін айтады, айырмашылықтарын табады. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Сюжетті-рөлдік ойын. "Жанармай бекеті". Мақсат-міндеттері. Балалардың жанармай бекеті жайындағы ұғымдарын	жағдайда "Отбасы" тақырыбы. Педагог "Отбасы" ұғымына байланысты сөздің бірін айтып, кезекті келесі отырған балаға береді. Сөзді дәл уақытында таба алмаған бала, өнерін көрсетеді. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Сюжетті-рөлдік ойын. "Киімдер" дүкені. Мақсат-міндеттері. "Киімдер" дүкені, киім сатушы жұмысының ерекшелігі жөніндегі балалардың ұғымдарын тиянақтау; сатушы мен сатып алушы рөлдеріндегі	тәрбиелеу. Құралдар. Заттық суреттер немесе мнемокарточкалар болуы мүмкін. Педагог тапсырмаларды сөз арқылы ғана беруі мүмкін. Шарты. Балалар педагог суретте көрсетілген оқиғаны сипаттап, оқиғаның алдында қандай логикалық құбылыстардың болғанын болжап айту керек. Педагог ойын шартын балаларға былай түсіндіруі мүмкін: "Мен атаған (көрсеткен) жанды немесе жансыз объект, құбылыс осыдан бұрын не (кім) болған?"
---	--	---	--	--

Құралдар. Сөрелер, жемістер мен көгөністердің нақпіндері, түрлі пішінді себеттер, ойыншық смартфондар, төлем карточкалары, сөмкелер, қаражат қағаздары. Шарты. Педагог дайындық жұмысы ретінде балалармен дүкенге саяхатты ұйымдастыруы мүмкін. Балалар дүкеннің суретін, бейнежазбаны көрсетіп, "тауар" сөзінің мағынасын, жемістер мен көгөністерді сақтау үшін түрлі ережелерді ұстану керектігі жайлы түсіндіреді. Сатушы өз қалауы (немесе санамақ)	пияз. Топырақ үстінде пісетін көгөністерді атайды: қияр, қызанақ, баялды, бұрыш, қырыққабат. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет) Сюжетті-рөлдік ойын. "Дәріхана". Мақсат-міндеттері. Балалардың дәріхана қызметкерлері (фармацевт, провизор) мамандықтары жайында ұғымдарын тиянақтау; нәтижелі қарым-қатынастарға, жауапкершілікке, сыпайылыққа тәрбиелеу. Құралдар. Дәрі-дәрмектердің	нақтылау; жанармай құюшы, есепші, дүкенде құрал-жабдық сатушы жөнінде білімдерін кеңейту, тиянақтау; сыпайылыққа, жауапкершілікке, төзімділікке, еңбекқорлыққа тәрбиелеу. Құралдар. Жанарамай бекеті жазуы; жанармай құятын орын, автомобиль бағанасы мен шланг жасанды пішіндері; рульдер, мәшинелердің жанармай бактарының жасанды модельдері; автомобильдерге арналған дөңгелектер. Мәшиненің автобагі орнына шырынның бос тетрапакетін	әрекеттерді игерту; жағымды қарым-қатынастарға, қоғамдық тәртіп ережелеріне тәрбиелеу. Құралдар. Сөрелер, қораптар, ілмектер, киім үлгілері (көрнекілік қуыршаққа арнайы тігілген); ойыншық смартфондар, төлем карточкалары, сөмкелер, қаражат қағаздары; қуыршақтар. Шарты. Педагог дайындық жұмысын ретінде балалармен дүкенге саяхатты ұйымдастыруы мүмкін. Балалар дүкен жайында суретті, бейнежазбаны көрсетіп, "тауар"	Атайықшы." Педагог ұсынатын сөздер мен сөз тіркестері: жаз, сары жапырақ; қысқы дала, мұз айдыны; ересек адам, нан; қыс, қар жауыны; қаз, жылқы; күндізгі мезгіл, қасқыр; үй ғимараты, үлкен емен ағашы; терезе бетіндегі оюлар, дән масағы; балапан, көктемде жылғалардан аққан су; сары жапырақтар, таңертеңгі мезгіл; түлкі, орындық; адамдардың арасындағы достық; ірімшік және тағы басқа. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)
--	---	--	---	--

	бойынша тағайындалады, сатып алушылар қолдарына қажетті құралдарды алып (карточка, қаражат, смартфон), ойын барысында қолданады. Сатушы тауарларды сөрелерге орналастырады, бағаларын анықтайды, сатып алушыларға тауардың падалы жақтарын айтады, оны сатады. Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің сақталуын, ойыншылар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді, тиянақтау сұрақтарын қояды. Ойынның соңында	модельдері. "Дәріхана" сөмкелері; ақ халаттар, төлемді қамтамасыз ететін карточкалар мен қаражаттың орнына қолданылатын таңбалауыштар. Шарты. Педагог балалармен дәріханада қызмет ететін мамандар жөнінде әңгімелеседі. Балалар фармацевт, провизор сияқты мамандардың міндеттерін, дәріханада қандай дәрі-дәрмектер мен медициналық көмек жасау үшін қандай құралдардың сатылатынын анықтайды. Балалар дәріханашы мен провизор рөлдерін кімнің	жіпке байлап, иыққа іліп алуға болады. Шарты. Педагог жанармай бекетінің қызметі жөнінде, осында еңбек ететін жанармай құюшы, есепші, көлік жабдықтарын сатушы сияқты мамандар туралы суреттер мен бейнежазбалар негізінде әңгіме өткізеді. Балалар жанармай бекетінде кім қандай қызмет атқаратын анықтап (санамақ арқылы), өздеріне қажет киімдер мен құралдарды алып, орындарына барады. Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің сақталуын,	ұғымына киімдер де жататынын, киімдердің түрлері (сырт киім, үстіге киілетін киім, іш киім) болатыны жайында түсіндіреді. Киімдердің үтіктеліп, әдемі күйінде сатып алушы алдына ұсынылуы керектігін айтады. Сатушылар (санамақ арқылы) өз қалаулары бойынша тағайындалады, сатып алушылар қолдарына қажетті құралдарды алып (карточка, қаражат, смартфон), ойын барысында қолданады. Сатушы тауарларды өз орындарына орналастырады, бағаларын анықтайды, сатып	Театрландырылған қойылым. "Түлкі мен қасқыр" ертегісі. Мақсат-міндеттері. Балалардың естерінде әйгілі ертегінің мазмұнын жаңғырту, есте сақтау, ой-қиял, эмоциялық, пантомимикалық, қарым-қатынас дағдыларын дамыту. Құралдар. "Түлкі мен қасқыр" ертегісіне қатысатын кейіпкерлердің киімдері, маскалары, балықтардың жасанды кескіндері, қап. Шарты. Педагог балаларға дайындық жұмысы ретінде "Түлкі мен қасқыр" ертегісінің мазмұнын
--	---	---	--	--	--

	қорытынды жасауға болады: тауарларды жақсы күтсе, сақтаса, олар бұзылмай, сапасы сақталып, жақсы сатылады; дүкендерде сатушы мен сатып алушы сыпайы сөздерді қолданады, әдептілік ережелерін ұстанулары тиіс; сатушының еңбегін және сатып алушының тандауын құрметтеу керек. (қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)	ойнайтынын анықтайды, қалғандары тұтынушылар болады; өздеріне қажет киім және құралдарды алып, орындарына барады. Педагог тұтынушылар дәріханаға келіп, ойынды бастайтынын айтады. Алғашында, педагог диалогтарды өзі реттеп жатады, сұрақтарды тиянақты түрде қоюға жаттықтырады. (қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)	ойыншылар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді, ойыншыларға іс-әрекеттерін анықтайтын сұрақтарды қойып жүреді, өзі де қатысуы мүмкін. Бұндай амал ойын желісінің одан ары жалғасуына үлес қосады. Ойынның аяғында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: көліктердің еркін жүруін қамтамасыз ету үшін, жанармай құюшы үнемі орнында болу керек, жұмысын жылдам және мұқият орындау керек; жанармай бекетінде қауіпсіздік ережелері үнемі сақталады, бұнда	алушыларға киім үлгілерінің ұтымды жақтарын айтады, оларды сатады. Ойынды ұйымдастыруда киімді өлшейтін орынды ескеру керек. Балалар өз қуыршақтарын алып, белгілі жерде киім кигізіп жатады. Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің сақталуын, ойыншылар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді, тиянақтау сұрақтарын қояды. Ойынның соңында қорытынды жасауға болады: тауарларды жақсы күтсе, олардың сапасы сақталып, жақсы сатылады;	қайталатады. Балалар өз қалаулары бойынша кейіпкерлерді таңдайды, өз костюмдерін киіп, орындарына барады. Алғашында педагог автор рөлін алады, содан кейін балалардың арасынан автордың рөлін ойнайтын баланы ұсынуға болады. Қойылым соңында педагог кейіпкерлерді ойнаған балаларды жеке қатарға шығарып, қандай рөлді ойнағандарын көрермендерге таныстырып жатады. Артист балалар көрермендердің алдына шығады, құрмет көрсетеді, қошемет пен
--	--	---	---	---	--

			сіріңке жағуға, темекі шегуге болмайды. (қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)	дүкендерде сатушы мен сатып алушы сыпайы сөздерді қолданып, әдептілік ережелерін ұстанулары тиіс; сатушының еңбегін құрметтеу керек; сатып алушының таңдауын құрметтеу керек. (қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)	мақтауға ие болады. Ойын соңында педагог балалардан шығарманың осылай аяқталғанына не себеп болғанын анықтайды, кейіпкерлердің әрекеттеріне қысқаша талдау жасатады. (қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті)
Балалармен жеке жұмыс	Жыл мезгілі туралы әңгімелесу. "Жомарт Күз" (суретті қарастыру). Мақсат-міндеттері. Қарапайым сұрақтарға жауап беруді үйрету. (қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, қазақ тілі)	"Ғажайып қапшық" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Баланың сөздік қорын ойыншықтардың атауларын білдіретін сөздермен байыту. (қазақ тілі, қарым-	"Сиқырлы "ң" әрпі" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балалардың "ң" әрпін дұрыс айтуларын қадағалау. Балалар "ң" әрпі бар сөздерді анық айтулары қажет.	Әңгіме құрастыру. "Табиғат". Мақсат-міндеттері. Баланың сөздік қорын табиғатқа байланысты сөздермен байыту. (қазақ тілі, қарым-қатынас іс-әрекеті)	Дидактикалық ойын. "Фотоаппарат". Мақсат-міндеттері. Ассоциативті ойлауды, ерікті зейінді, еске сақтауды, сөйлеуді дамыту. Ойын материалдары мен көрнекі құралдар:

		қатынас іс-әрекеті)	Мысалы: аң, таң және тағы басқа. (қазақ тілі, қарым-қатынас іс-әрекеті)		лото карталары немесе басқа кез келген суреттер. Сипаттамасы. 5 секунд ішінде балаға карточканы көрсету. Содан кейін оны алып тастау және онда не бейнеленгенін еске түсіруді ұсыну. Егер балаға жауап беру қиын болса, оған сұрақ қою керек: "қанша, қандай түс" және тағы басқа. (қазақ тілі, қарым-қатынас іс-әрекеті)
Серуенге дайындық	Серуендеудің мақсаттары мен міндеттеріне байланысты педагог гигиеналық талаптарға сай қажетті сыртқы материалды, санитарлық-гигиеналық талаптарға сәйкес келетін балалар қызметінің әртүрлі нұсқаулықтарын дайындайды. Педагог балалардың өзіндік іс-әрекеттерін қадағалап отыруы керек: олардың толық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, нұсқаулықтарды мақсатына сай қолдануды үйрету, серуендеу барысында балалардың іс-әрекетін үнемі бақылауда ұстау. Серуендеуге дайындық топта да жүреді: терезеден қарағанда балаларды тосын сый күтіп тұрғанын немесе біреу күтіп тұрғанын айтуға болады (бұл алдын ала дайындалған ойыншық болуы мүмкін). Балаларға ескерту: киіну бөлмесіндегі тәртіп ережелерін, киіну ретін, қажет болған жағдайда оларға көмектесу.				

	(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес іс-әрекет)				
Серуен	Торғайдың күз мезгіліндегі тіршілігін бақылауды жалғастыру. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Торғай туралы білімдерін бекітуді жалғастыру; күздің келуімен құстардың мінез-құлқындағы өзгерістерді көруді үйрету; зейін мен жадын белсендіру. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: ағаштарды емдеу үшін жұмысты ұйымдастыру.	Көгершіндерді бақылауды жалғастыру. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Құстар әлемі туралы білімдерін бекітуді жалғастыру; құстардың немен қоректенетінін және олардың қай жерде тұратынын, адамның оларға қалай қамқор болатынын, жабайы көгершіндердің «Қызыл кітапқа» не үшін енгізілгенін нақтылау. Зерттеу. Көгершін мен тоқылдақты салыстыру. Ересек адамдармен	Теректі бақылауды жалғастыру. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Күзгі терек туралы түсінік қалыптастыру. Зерттеу. Жаңа түскен жапырақты лупамен қарау. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: жапырақтарды үйінділерге жинау және ауланы тазарту. Мақсат-міндеттері. Топпен жұмыс істеуге ұмтылуға тәрбиелеу. Қимыл-қозғалыс	Маусымдық өзгерістерді бақылауды жалғастыру. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Табиғат құбылыстары туралы түсініктер қалыптастыру; күн туралы білімдерін бекіту. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: ауланы қоқыстардан тазарту. Мақсат-міндеттері. Орындалған жұмысқа сүйсінуді, қуануды үйрету.	Жаяу жүргіншілерді бақылауды жалғастыру. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Жолдың жаяу жүргіншілерге арналған бөлігі, жол ережелері туралы білімдерін бекіту. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: гербарий жасау үшін әдемі жапырақтарды жинау; ағаштардың тамырына түскен жапырақтарды тырнауышпен тырналау. Мақсат-міндеттер.

Мақсат-міндеттері. Ағаштар мен бұталарға дұрыс көмек көрсетуді үйрету; адал еңбектенуге тәрбиелеу. Қимыл-қозғалыс ойындары. (дене шынықтыру) "Құстар". Мақсат-міндеттері. Белгі бойынша әрекеттерді орындауды үйрету. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар. "Жалауша". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Заттарды құлатпай жылан сияқты жүруді үйрету.	бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: балабақша аумағына жемшашарларды ілу. Мақсат-міндеттері. Еңбек әрекеттерін орындауды үйрету. Қимыл-қозғалыс ойындары. (дене шынықтыру) "Ұшу, секіру, жүзу". Мақсат-міндеттері. Балаларды жүгіруге жаттықтыру; балықтар, құстар, жануарлардың аттарын бекіту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар: "Кеглиді құлат" (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Допты нысанаға лақтыруды үйрету;	ойындары. (дене шынықтыру) "Бағбандар", "От жағушылар". Мақсат-міндеттері. Педагогтің белгісі бойынша жүгіру іскерліктерін жетілдіру. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар: бір аяқпен секіру. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Күшпен итеріліп секіру, жерге аяқпен нық түсуді жетілдіру.	Қимыл-қозғалыс ойындары. (дене шынықтыру) "Үйсіз қоян". Мақсат-міндеттері. Бір-біріне соқтығыспай жүгіру жаттығулары, ептілікке және төзімділікке тәрбиелеу. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар: тепе-теңдікті дамытуға арналған жаттығулар. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Дене қимылдарын жетілдіру.	Табиғатты құрметтеу сезімін тәрбиелеу. Қимыл-қозғалыс ойындары. (дене шынықтыру) "Бағдаршам". Мақсат-міндеттері. Ептілікті дамыту; бағдаршамның мағынасы туралы білімдерін бекіту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар: қозғалыстарды дамыту. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Заттарды қашықтыққа лақтыру дағдыларын бекіту.
--	--	---	--	---

		дәлдікті, зейінді дамыту.			
Серуеннен оралу	Балалардың киімдерін ретпен шешу, шкаф сөрелеріне ұқыпты орналастыру дағдыларын жетілдіру. Жеңді түру, қолды сабындау, суды шашыратпау, тазарғанша жуу дағдысын дамыту. Айнаға қарану, үсті-басын ретке келтіру, шашын тарау, ас ішуге дайындалуға тәрбиелеу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Кешкі ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттері. Балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениеті бойынша баламен жеке жұмыс; этикет ережесі. Көркемсөз Тағы міне, таң атты, Дайын дәмді тағамдар. Үлпілдеген тиінге, Жарып берем жаңғақты. Қою сүтті беремін, Мысық пен күшікке. Түлкіге қою айран, Тышқанға дән саламын. Ақ қоянға тәтті нан, Тосап беремін араға. Таңғы ботқа береміз, Бақшадағы балаға. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз)				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі) Музыкалық аспаптармен ойындар. Ертеңгілікке дайындық. (музыка) Өнер бұрышында нан тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. (шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-				

ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	әрекеті) Логикалық, танымдық ойындар, басқатырғыш ойындар. (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Сурет салудан ойын-жаттығу "Тауыс". Мақсат-міндеттері. Балаларды қағаздың ортасына, оның толық бетін пайдаланып, тауыс бейнесін салу амалдарын игерту. Жапсырудан ойын-жаттығу "Жомарт күз". Мақсат-міндеттері. Балаларды қағазды бүктеу әдісі бойынша саңырауқұлақтың қалпақшасын, қағаздан кішкентай шеңберлер қию арқылы, тіктөртбұрыштан саңырауқұлақтың түбіртегін қағаз бетіне жапсыруды үйрету. Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. (танымдық іс-әрекет, зерттеушілік іс-әрекет) Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. (зерттеу іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Ата-аналарға кеңес. «Балаларға жол жүру ережесін түсіндірудің маңыздылығы».	«Ашық есік күндері». Балабақшада ұйымдастырылған іс-әрекет және жұмыстармен таныстыру.	«Менің баламның армандары».	"Баланың сұрағына ашуланбай жауап бере аласыз ба?" тақырыбында әңгімелесу, сауалнама жүргізу, кеңес беру.	Баланың дамуына қимылды ойындардың пайдасы. (топ жиналысы).